

Қазақстан Республикасына иондаушы сәулелену көздерін әкелуге рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 19 қазан N 1559

"Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 P971037_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Изинта" Сауда ЖШС-мен (Венгрия Республикасы, Будапешт қаласы) 1999 жылғы 30 маусымда жасалған қызмет көрсетулерге арналған ауқымды келісім-шартқа сәйкес химия комбинаттарын салу және монтаждау жөніндегі "Ведепсер" акционерлік қоғамына (Венгрия Республикасы, Будапешт қаласы) Венгрия Республикасынан Қазақстан Республикасына саны 10 дана жалпы активтілігі 27.75 ТБк Иридий-192 иондаушы сәулелену көзін (СЭҚ ТН коды 2844) әкелуге рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен жоғарыда көрсетілген өнімді экспорттауға химия комбинаттарын салу және монтаждау жөніндегі "Ведепсер" акционерлік қоғамына
л и ц е н з и я б е р с і н .

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден

комитеті өнімдерді кедендік бақылауды және кедендік ресімдеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитетіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК